

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2021-2022 оқу жылындағы Академиялық комитеті отырысының  
ҚАУЛЫЛАРЫ №4**

**Түркістан қаласы**

**18 қараша 2021 жыл**

**Өткізілген орын:** (Онлайн режимдегі Зоом арқылы)

**Өткізілген уақыты:** 2021 жылдың 18 қарашасы, сағат– 15:00

**Қатысқандар - 36**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

**1.** 2021-2022 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін және сын-пікір берушілер тізімін бекіту *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев);*

**2.** Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын бекіту *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев);*

**3.** 2021 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі туралы *(Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы - С.М. Мухиддинова);*

**4.** Әртүрлі мәселелер.

**4.1.** Біліктілікті арттыру орталығы арқылы іске асырылатын «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту» тақырыбындағы ЖОО қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге бағытталған курстың жұмыс оқу бағдарламасын бекіту *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев);*

**4.2.** Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесін, дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесін талқылау және бекітуге ұсыну *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев);*

**4.3.** Білім беру бағдарламаларының ішкі аудиті *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев);*

**4.4.** Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасын және оқыту туралы ережені талқылау және бекітуге ұсыну *(Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – Е.К.Ақтаев);*

**4.5.** Академиялық комитет құрамына өзгеріс және толықтырулар енгізу *(Академиялық комитет хатшысы - А.Тасова).*

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021-2022 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары, жетекшілері және сын-пікір берушілер тізімі бекітілсін, бұйрыққа ұсыныс берілсін *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы-Е.Ш.Шахабаев)*.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. 2021-2022 оқу жылына бакалавриат бойынша диплом жұмысынан (жоба) босатылғандар үшін кешенді емтихандар және мамандық бойынша мемлекеттік емтихан пәндерінің тізімі бекітілу үшін сенатқа ұсынылсын *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев)*;  
2.2. 2021-2022 оқу жылына бакалавриат бойынша диплом жұмысынан (жоба) босатылғандар үшін 64 кешенді емтихан және 2 мамандық бойынша мемлекеттік емтихан бағдарламалары бекітілу үшін сенатқа ұсынылсын *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев)*.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар мен университеттің Стратегиялық жоспарына сәйкес ұйымдастырылсын *(факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері мен мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы)*;

3.2. Түлектердің жұмысқа орналасуына жыл бойына мониторингі жүргізілсін *(кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы)*.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселенің біріншісіне байланысты**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1. Біліктілікті арттыру орталығы арқылы іске асырылатын «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту» тақырыбындағы ЖОО қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге бағытталған курстың жұмыс оқу бағдарламасы бекітілсін *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев)*.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселенің екіншісіне байланысты**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**4.2.** Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесі, дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі сенатта қарауға ұсынылсын (Өдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – *Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселенің үшіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**4.3.1.** Кафедраларда қолданыстағы БББ өзіндік бағалау (ішкі аудит) жүргізілсін. Мерзімі: 1-15 желтоқсан, 2021ж (*Факультет декандары, кафедра меңгерушілері*);

**4.3.2.** Өзіндік бағалау нұсқаулығы әзірленсін. Мерзімі: 30.11.2021ж (Өдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – *Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселенің төртіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**4.4.1.** Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы бекітілсін (*Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – Е.К.Ақтаев*);

**4.4.2.** Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасын оқыту туралы ережесі сенатқа ұсынылсын (*Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – Е.К.Ақтаев*).


**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселенің бесіншісіне байланысты  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**4.5.1.** Жумжаева Гулнар Құралбекқызының қызметін ауыстыруна байланысты Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы лауазымына - Ибрагимова Лаура Асылтаевна бекітілсін (*Академиялық комитет хатшысы - А.Тасова*);

**4.5.2.** Лингвистикалық орталықтың басшысы - Толға Байындыр Академиялық комитет құрамына енгізілсін (*Академиялық комитет хатшысы - А.Тасова*).

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшірін алынды. Көшірме дұрыс.*

Академиялық комитет хатшысы



А.Б.Тасова

